



# Еңбекшілер ЖАРШЫСЫ ВЕСТИ Еңбекшілер

14+

• Бейсенбі, 5 наурыз 2026 жыл • № 17 (9983)  
• Еркін бағамен сатылады

Аудандық газет  
1935 жылдың шілде айынан бастап  
шығып келеді

## 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні!

### Аудан әкімінің құттықтауы

Аяулы аналар, қадірлі қыз-келіншектер! Сіздерді жер жүзін шауғына бөлеп, өмірімізге нәр берген көктем мезгілінің айтулы мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақ халқы ықылым заманнан анасын – қорғаным, әпкесін – ес тұтар айбыным, қарындасын – қадірім, қызын ар мен ұяттың үлгісі деп білген. «Әйел бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деп қадірлеген. Осылайша, халқымыз қыз-келіншектердің үйдегі де, қоғамдағы да орнын айшықтаған, ең қасиетті ұғымдарды Анаға балаған.

Қазіргі таңда әйелдердің ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы үлесі зор. Әсіресе әрбір адамға етене жақын білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қолдау, мәдениет салаларындағы олардың еңбегінің орны бөлек. Ең бастысы, әйел адам қай салада қызмет етпесін, сол саланы өркендетіп,

дамытуға айрықша үлес қосып, көпшіліктің ыстық ықыласы мен ілтипатына бөленіп жүреді.

Қымбатты аналар, ардақты асыл жандар! Күлімдеп жеткен көктемнің қуанышты мерекесінде аналар егемендік пен елдік барда ешқашан ескерусіз қалмайды. Себебі адамзат баласы қандай биікке көтерілсе де, тіпті, әлемді билесе де алтын құрсақты аналарымыздың алдында қарыздар. Сондықтан көңілдерге қуаныш ұялатып, жаңару мен түлеудің жарқын сәтімен тұспа-тұс келген осы бір маңызды мереке қарсаңында риясыз пейілден төгілер тілектер сіздердің жандарыңызды жадырата берсін. Әрқашан жақсы өмірдің жарасымды гүліндей жайнап, бақытты да баянды ғұмыр кешіңіздер. Сіздерге зор денсаулық, шаңырақтарыңызға шаттық, береке-бірлік тілеймін!

Құрметпен, Бауыржан ҚАСЕНОВ.

\* \* \*

АРДАҚТЫ аналар мен аяулы ханымдар! Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Көктемнің алғашқы қарлығашындай болып келетін мерекенің біздер үшін орны ерекше. Қашаннан бергі дәстүріміз бойынша біз бұл күні – аналарымыз бен апа қарындастарымызға, қыздарымызға ең ыстық құттықтауларымыз бен ең ізгі тілектерімізді жолдаймыз. «Қыз өссе елдің көркі» деген дана халқымыз қыз баланы ерекше құрметтеп, әрқашан төрден орын берген. Қазақ қызы қашан да сұлулығымен, даналығымен ғана емес, ерлігі және қайсарлығымен дараланған. Қазір де

елеміздің өсіп-өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп жүрген арулар баршылық. Біздің қоғамымызда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттік қызмет пен қоғамдық істе де, кәсіпкерлік пен тәлімгерлікте де тамаша табыстарға қол жеткізе отырып, саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі. Еліміздің кемел келешегі үшін елдігімізді нығайтудағы қажырлы еңбектеріңізге табыс, зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, елімізге береке-бірлік тілеймін.

Нұргүл ҚУАТОВА,  
аудандық мәслихаттың төрайымы.



Мейрамы  
құтты  
болсын

8  
Наурыз

• Басты

## Жаңа Конституция жобасы бойынша түсіндіру жұмыстары жалғасуда

Ауданда Жаңа Конституция жобасын талқылауға арналған ақпараттық-түсіндіру жұмыстары қарқынды түрде жалғасуда. Наурыз айына бекітілген кестеге сәйкес еңбек ұжымдары, түрлі сала өкілдері және жұртшылықтың қатысуымен көптеген кездесулер, дөңгелек үстелдер мен диалог алаңдарын өткізу жоспарланған. Аталған шаралардың басты мақсаты – елдің негізгі заңына енгізілетін өзгерістердің мән мен маңызын ауданның әрбір тұрғынына барынша түсінікті түрде жеткізу, олардың мазмұнын кеңінен түсіндіру және алдағы референдумға қатысудың маңыздылығын атап өту.

Ұйымдастырушылар мұндай кездесулер тек ақпарат берумен шектелмей, ашық әрі сындарлы диалог орнатуға мүмкіндік беретінін атап өтуде. Кездесулер барысында аудан тұрғындары өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, пікірлерін білдіріп, жоба ережелеріне қатысты жан-жақты түсініктеме алуға.

Келесі кездесу Уәлиханов ауылында «Семізбай У» ЖШС еңбек ұжымының қатысуымен «Жаңа Конституция және еңбекшілердің құқықтары» тақырыбында өтті. Диалог барысында еңбек құқықтарын қорғау, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, жұмыс берушілердің әлеуметтік жауапкершілігі және еңбек қатынастарын реттеудегі мемлекеттің рөлі кеңінен талқыланды. Кәсіпорын қызметкерлері жұмысшылардың құқықтық кепілдіктері мен құқықтық реттеудегі ықтимал өзгерістер жөнінде өз сұрақтарын қойып, пікір алмасты. Әсіресе әлеуметтік әділеттілікті күшейтуге және азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін нығайтуға бағытталған конституциялық нормаларға ерекше назар аударылды.

Келесі талқылау алаңы аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің акт залында бөлім қызметкерлері мен №21 өрт сөндіру бөлімінің қатысуымен өтті. Кездесу тақырыбы – «Төтенше жағдайлар жағдайында адам құқықтарын қорғау». Спикер ретінде «Аманат» партиясы филиалының атқарушы хатшысы Азамат Әуенов сөз сөйледі. Ол өз баяндамасында Жаңа Конституция жобасындағы негізгі жаңашылдықтарға тоқталып, ерекше жағдайларда да азаматтардың құқықтарын мен бостандықтарын сақтау маңыздылығын атап өтті. Қатысушыларға қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен конституциялық кепілдіктерді сақтау арасындағы теңгерімді қамтамасыз ететін құқықтық тетіктер түсіндірілді.

Келесі кездесу аудандық Мәдениет үйі ұжымының қатысуымен «Мәдени әртүрлілік және конституциялық құндылықтар» тақырыбында өтті. Диалог барысында Жаңа Конституция қоғамның демократиялық институттарды одан әрі дамытуға, биліктің ашықтығы мен есептілігін нығайтуға және тұрақты құқықтық жүйе қалыптастыруға деген ұмтылысын айқындайтыны айтылды. Мәдениет саласының қызметкерлері қоғамдық сананы қалыптастыруда, бірлік пен келісім құндылықтарын дәріптеуде өздерінің маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Барлық кездесулерде ашық диалог форматына ерекше көңіл бөлінуде. Қатысушылар еркін түрде өз пікірлерін білдіріп, сұрақтар қойып, спикерлерден нақты жауаптар алуға. Мұндай формат ұсынылып отырған өзгерістердің мәнін тереңірек түсінуге және саналы азаматтық ұстаным қалыптастыруға ықпал етеді.

Ауданда түсіндіру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасады. Білім беру мекемелерінде, кәсіпорындарда және ұйымдарда қосымша кездесулер өткізу жоспарланып отыр. Ұйымдастырушылар халықтың жоғары қызығушылығын және еңбек ұжымдарының белсенділігін атап өтіп, бұл тұрғындардың ел болашағына бейжай қарамайтынын көрсететінін жеткізді.

Осылайша, өткізілетін іс-шаралар халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға, мемлекеттік институттарға деген сенімді нығайтуға және референдумға жауапкершіліктен қарауға ықпал етуде.

Дина АҚЫШЕВА.



## Әкімдік отырысы: алдағы кезеңнің міндеттері мен басым бағыттары

27 ақпан күні аудан әкімі Бауыржан Қасенов пен аудандық мәслихат төрайымы Нұргүл Қуатова төрағалығымен аудан әкімдігінің кезекті отырысы өтті. Отырыста ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне қатысты өзекті мәселелер қаралды. Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары Ерсайын Сабыров пен Орынбасар Ахметова, аудан прокуроры Әнуар Құлышев, Степняк қаласының, ауылдық округтер мен ауылдардың әкімдері, аудандық басқармалар мен мекемелердің басшылары, сондай-ақ дербес бөлімдердің жетекшілері қатысты.

Күн тәртібіне келесі мәселелер енгізілді: «2025 жылы жергілікті атқарушы органдар көрсеткен мемлекеттік қызметтердің қорытындылары және 2026 жылға арналған жоспарлар», «2026 жылдың көктемгі кезеңіне дайындық және аудан аумағында су тасқынын қауіпсіз өткізу бойынша қабылданып жатқан шаралар», «Референдумды дайындау және өткізу кезінде сайлау және республикалық референдум туралы заңнаманың сақталуы».

Бірінші мәселе бойынша Біржан сал ауданы әкімінің мемлекеттік қызметтердің көрсетілуін бақылау және талдау жөніндегі бас инспекторы Барқыт Ахметжан баяндама жасап, аудан бойынша қала мен ауылдық округтерде көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны мен сапасы туралы жан-жақты ақпарат берді. Баяндамашы халыққа көрсетілген қызметтердің деңгейін сипаттайтын статистикалық мәліметтер келтіріп, мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігіне талдау жасады. Сонымен қатар мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыру, электрондық қызметтерді енгізу және азаматтарға қызмет көрсету сапасын жақсарту мәселелеріне ерекше назар аударылды. 2026 жылға арналған міндеттер айқындалып, мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін одан әрі жетілдіру бағыттары белгіленді.

Екінші мәселе бойынша аудандық төтенше жағдайлар бөлімі бастығының міндетін атқарушы Асқар Дәуренбек баяндама жасады. Ол аудан аумағындағы елді мекендер мен автомобиль жолдарында көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындық жұмыстары туралы толық ақпарат берді. Өз сөзінде су өткізу арналары мен құрылыстарын тазалау, арнайы техникаларды дайындау және қажетті инертті материалдар қорын қалыптастыру жұмыстары жүргізіліп жатқанын атап өтті. Сонымен қатар қосымша назар аударуды қажет ететін учаскелер көрсетіліп, көктемгі кезеңде төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында профилактикалық шараларды күшейту қажеттігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша аудан прокуроры Әнуар Құлышев сөз сөйлеп, сайлау және республикалық референдум туралы заңнаманың талаптарын кеңінен түсіндірді. Баяндамасында референдум күні сақталуы тиіс тәртіп ережелері, қатысушылардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ референдумды ұйымдастырудың құқықтық мәселелері туралы айтылды. Заң талаптарын қатаң сақтау, құқық бұзушылықтарға жол бермеу және дауыс беру рәсімінің ашықтығын қамтамасыз ету қажеттігі ерекше атап өтілді.

Қаралған барлық мәселелер бойынша Бауыржан Қазыбекұлы жауапты басшыларға нақты тапсырмалар мен тиісті ұсыныстар берді. Әсіресе мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін арттыруға, көктемгі кезеңге уақтылы дайындық жүргізуге және алдағы референдум кезінде заң талаптарын қатаң сақтауға ерекше назар аударылды.

Жиын соңында мемлекеттік құрылымдардың жүйелі әрі үйлесімді жұмысы ауданның тұрақты дамуының, халықтың өмір сүру сапасын арттырудың және өзекті мәселелерді дер кезінде шешудің маңызды шарты екені атап өтілді.

Дина АҚЫШЕВА.

<p><b>БІРЖАН САЛ АУДАНЫНЫҢ ІШКІ АУДАНЫДЫҚ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ТЕГІН ЖОЛ ЖҰРУ!</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>8 наурыз 2026 жылы – әйелдер үшін (Халықаралық әйелдер күніне орай);</li> <li>15 наурыз 2026 жылы – барлық жолаушылар үшін (референдум өткізілуіне байланысты);</li> <li>22 наурыз 2026 жылы – барлық жолаушылар үшін (Наурыз мейрамына орай).</li> </ul>	<p><b>ПО ВНУТРИРАЙОННЫМ МАРШРУТАМ РАЙОНА БИРЖАН САЛ БЕСПЛАТНЫЙ ПРОЕЗД!</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>8 марта 2026 года – для женщин (в честь Международного женского дня);</li> <li>15 марта 2026 года – для всех пассажиров (в связи с проведением референдума);</li> <li>22 марта 2026 года – для всех пассажиров (в честь праздника Наурыз).</li> </ul>
--	---

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

# 15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

ELECTION.GOV.KZ

Важен голос каждого из нас!

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

Біржан сал ауданы бойынша call-орталығы call-центр по району Биржан сал



Call-center: 8 (716 39) 2-12-41

## Құрметті Біржан сал ауданының тұрғындары!

2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумның өтуіне байланысты Біржан сал ауданының әкімдігі сайлаушылардың тізімдерін нақтылау және өзектендіру мақсатында Біржан сал ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау бөлімінің жанынан Call-орталық құрылғаны туралы хабарлайды.

Өзіңіздің референдум учаскенің туралы мәліметті осы телефон арқылы ала аласыздар: 8 (716 39) 2-12-41 <https://sailau.aqmola.gov.kz/?lang=kz> сайтынан таба аласыздар.

## Азаматтар өздерінің сайлау учаскесін eGov Mobile мобильді қосымшасы және Gov.kz сайты арқылы онлайн тексере алады

15 наурызда өтетін республикалық референдум қарсаңында азаматтар үшін өз сайлау учаскесін іздеуге арналған цифрлық сервис қолжетімді. Дауыс беретін қажетті пунктті eGov Mobile мобильді қосымшасы мен GOV.KZ порталында бірнеше қадамды орындап табуға болады.

eGov Mobile мобильді қосымшасы мен GOV.KZ порталының басты беттерінде «Референдум» арнайы баннері орналастырылған. Баннерге өткеннен кейін пайдаланушы сайлау учаскесін тексеру сервисіне өтеді, онда ол өзінің ЖСН-ін және өңірін көрсетуі қажет. Деректер енгізілгеннен кейін жүйе автоматты түрде сайлау учаскесінің нөмірін, өңір мен ауданды, сондай-ақ дауыс беру орнының нақты мекенжайын көрсетеді.

Сондай-ақ осы бетте «Жиі қойылатын сұрақтар» бөліміне сілтеме қолжетімді, онда азаматтар референдумға қатысты пайдалы ақпаратты таба алады. <https://www.gov.kz/memleket/entities/maidd/press/news/details/1174981?lang=kk>

## Құрметті референдумға қатысушы!

Егер Сіз 2026 жылғы 15 наурызда дауыс беру күні өзіңіздің тіркелген жеріңізден тыс жерге баратын болсаңыз, қалай дауыс бере аласыз?

Ол үшін 2026 жылғы 14 наурызда сағат 18:00-ге дейін Сіз өзіңіздің учаскелік комиссияңызға жазбаша өтінішпен жүгініп, жеке басыңызды куәландыратын құжатты ұсынуыңыз қажет. Комиссия Сізге есептен шығару куәлігін табыс етеді.

Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде өкіл арқылы да алуға болады. Сенімхатты нотариаттық куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Бір елді мекен шегіндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейтініне назар аударыңыз.

Дауыс беру күні өзіңіз болатын жердегі учаскеде есептен шығару куәлігін көрсетіңіз. Учаскелік комиссия Сізді дауыс беруге арналған тізімге енгізеді.

Толық ақпарат алу үшін өзіңіздің елді мекеніңіздің өкімдігінің call-орталығына хабарласуға болады.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы.

## Дауыс беруге арналған бюллетень

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетенді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетенде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетенді дауыс беру жәшігіне саласыз.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы.

## Ақмолалықтарға дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәлігін алу тәртібі түсіндірілді

15 наурыз күні Ақмола облысында дауыс беру үшін 760 сайлау бөлімі ашылады. Барлық бөлімдер таңғы сағат 7:00-де жұмысын бастап, кешкі 20:00-де жабылады. Қазіргі уақытта сайлау бөлімдері дауыс беруді өткізуге толық дайын: комиссиялардың жұмысы ұйымдастырылған, ғимараттар қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар халыққа дауыс беру тәртібі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Сайлаушылар үшін өзекті мәселелердің бірі – тұрақты тіркелген жерінен тыс жерде дауыс беру мүмкіндігі. Мұндай жағдайда азаматтар есептен шығару куәлігін пайдалана алады.

Көкшетау қалалық референдум комиссиясының төрайымы Мариям Калиеваның түсіндіруінше, бұл құжатты алдын ала алуға болады.

«Азамат уақытша болатын орнын ауыстырған жағдайда, 27 ақпаннан бастап 14 наурыз күні сағат 18:00-ге дейін жеке куәлігін көрсетіп, тіркелген жеріндегі учаскелік комиссиядан дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәлігін ала алады», – деді ол.

Дауыс беру күні азамат нақты болатын жеріндегі учаскеге есептен шығару куәлігі мен жеке куәлігін ұсынуы тиіс. Құжаттар тексерілгеннен кейін учаскелік комиссия азаматты

республикалық референдумға қатысуға құқығы бар тұлғалар тізіміне енгізіп, дауыс беру бюллетенін береді.

Мариям Калиеваның айтуынша, есептен шығару куәлігі бір рет қана пайдаланылады және азамат дауыс берген учаскеде қалады. Жоғалған құжаттар қайта қалпына келтірілмейді. Сондай-ақ бір елді мекеннің ішінде дауыс беруді жоспарлаған азаматтарға мұндай куәлік берілмейді.

Өңір тұрғындарының ыңғайлылығы үшін Ақмола облысында қосымша ақпараттандыру ұйымдастырылған. Call-орталық пен Telegram-бот жұмыс істейді. Олардың көмегімен жеке сәйкестендіру нөмірі арқылы өз сайлау учаскеніңіздің нөмірін білуге болады.

Целиноград аудандық аумақтық комиссиясының төрайымы Әсел Айтужинаның мәліметінше, бұл электронды сервис тек Ақмола облысының тұрғындарына қолжетімді.

«Азамат Telegram-ботқа кіріп, ЖСН арқылы өзінің сайлау учаскесінің нөмірін анықтай алады. Бұл ақпараттандыру үдерісін жеңілдетіп, дауыс беру орнын алдын ала нақтылауға мүмкіндік береді», – деді ол.

Айта кетейік, барлық сайлау бөлімдерінде сайлаушыларды тіркеу және есептен шығару тәртібі бойынша түсіндірме материалдар орналастырылған.

## Біржан сал ауданының референдум комиссиясының дауыс беру кез келген уақытта аяқталуы мүмкін референдум учаскелерінің тізбесін бекіту туралы хабарламасы

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 29 бабы, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңы 38 бабының 3 тармағы негізінде, учаскелік комиссиялардың ұсыныстары бойынша, тізімге енгізілген азаматтардың бәрі дауыс берсе, дауыс беру кез келген уақытта аяқталуы мүмкін Біржан сал ауданының референдум учаскелерінің тізбесі туралы хабарлаймыз:

№ п/п	учаскенің №	Орналасқан жері
1	763	Уәлиханов ауылы, «Семізбай-У» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимараты, Семізбай кені.
2	784	Макинка ауылы, Ақмола облысы жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламалары үйлестіру басқармасының «Біржан сал ауданы, «Мейірім» арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, Санаторная көшесі, 10 үй.

Біржан сал ауданының аумақтық референдум комиссиясы.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

# 15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

«Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» мәселесі бойынша

Референдум азаматтардың ерікті қатысуы, ойын ашық білдіруі, сондай-ақ жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру қағидаттары бойынша өткізіледі

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

[www.election.gov.kz](http://www.election.gov.kz)

# 15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІКТЕРІ

Азамат тұратын жері өзгерген кезде басқа референдум учаскесінде дауыс беру үшін есептен шығару куәлігін ала алады

Есептен шығару куәлігін 27 ақпаннан бастап алуға болады

Есептен шығару куәлігін беру 14 наурызда сағат 18:00-де тоқтатылады



01 Дауыс беру кезінде азамат есептен шығару куәлігін және жеке басын куәландыратын құжатын ұсынады (электрондық нұсқасын да көрсете алады)



02 Учаскелік референдум комиссиясы азаматты республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізіміне енгізеді және дауыс беруге арналған бюллетень береді



03 Есептен шығару куәлігі бір рет пайдаланылады және азамат дауыс берген учаскеде қалады

Жоғалған есептен шығару куәлігі қалпына келтірілмейді. Есептен шығару куәлігі бір елді мекен ішіндегі басқа учаскеде дауыс беруге қатысқысы келетін азаматтарға берілмейді

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы [www.election.gov.kz](http://www.election.gov.kz)

# 15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

ҚҰРМЕТТІ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУШЫ!

Егер Сіз 2026 жылғы 15 наурызда дауыс беру күні өзіңіздің тіркелген жеріңізден тыс жерге баратын болсаңыз, қалай дауыс бере аласыз?

Ол үшін 2026 жылғы 14 наурызда сағат 18:00-ге дейін Сіз өзіңіздің учаскелік комиссияңызға жазбаша өтінішпен жүгініп, жеке басыңызды куәландыратын құжатты ұсынуыңыз қажет. Комиссия Сізге есептен шығару куәлігін табыс етеді.

Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде өкіл арқылы да алуға болады. Сенімхатты нотариаттық куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Бір елді мекен шегіндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейтініне назар аударыңыз.

Дауыс беру күні өзіңіз болатын жердегі учаскеде есептен шығару куәлігін көрсетіңіз. Учаскелік комиссия Сізді дауыс беруге арналған тізімге енгізеді.

Толық ақпарат алу үшін өзіңіздің елді мекеніңіздің өкімдігінің call-орталығына хабарласуға болады.

ӘРҚАЙСЫМЫЗДЫҢ ДАУЫСЫМЫЗ МАҢЫЗДЫ!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы [www.election.gov.kz](http://www.election.gov.kz)

• Сұхбат

## Мансап орталығы – жұмысқа орналасудың сенімді жолы

Бүгінде халықты жұмыспен қамту мәселесі ең өзекті әрі әлеуметтік маңызы зор мәселелердің бірі болып табылады. Тұрақты жұмыстың болуы әрбір отбасының әл-ауқаты мен қоғамның тұрақты дамуының маңызды шарты саналады. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, олардың кәсіби деңгейін арттыру және өмір сапасын жақсартуға бағытталған түрлі қолдау шаралары жүзеге асырылуда. Мансап орталығының жұмысы, көрсетілетін қызметті мен мемлекеттік қолдау мүмкіндіктері туралы Мансап орталығының директоры Мейрам Хасеновпен сұхбаттасқан едік.

**– Мейрам Базарбайұлы, Мансап орталығы туралы айтып берсеңіз. Орталықтың халықты жұмыспен қамтудағы рөлі қандай?**

– 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстанда халықты жұмыспен қамту орталықтары жаңа мәртебеге ие болып, Мансап орталықтары деп атала бастады. Бұл тек атаудың өзгеруі ғана емес, азаматтар мен жұмыс берушілер арасындағы өзара іс-қимылды тиімді ұйымдастыруға бағытталған жаңа жұмыс үлгісіне көшу болды. Мансап орталығының негізгі міндеті – азаматтарға жұмыс табуға көмектесу, жаңа кәсіби дағдыларды меңгеруге жағдай жасау және еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Ауданның кез келген тұрғыны орталыққа келіп, кеңес алып, бос жұмыс орындары туралы мәлімет алып немесе мемлекеттік бағдарламалар жөнінде ақпарат ала алады.

**– Қазіргі уақытта Мансап орталығы қандай қызметтер көрсетеді?**

– Орталықтың қызметі жұмысқа орналасудың барлық кезеңдерін қамтиды – бос жұмыс орындарын іздеуден бастап азаматты жұмысқа орналастыруға дейін. Біз ауданның жұмыс берушілерімен тығыз байланыста жұмыс істеп, бос жұмыс орындарының базасын қалыптастырамыз және еңбек нарығының сұранысын ескереміз. Көмек жұмыссыз азаматтарға, жастарға, зейнет жасына жақындаған адамдарға және қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтарға көрсетіледі. Әсіресе халықтың әлеуметтік осал топтарына ерекше көңіл бөлінеді.

Бос жұмыс орындарын іріктеу мемлекеттік жұмыспен қамту порталы арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар орталық мамандары азаматтарды жұмыссыз ретінде тіркейді. Бұл азаматтарға әлеуметтік төлемдер алуға және мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға мүмкіндік береді.

Тұрақты түрде бос жұмыс орындары жәрмеңкелері өткізіліп



тұрады. Мұндай кездесулерде азаматтар жұмыс берушілермен тікелей сөйлесіп, жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болады. Егер азамат өз мамандығы бойынша жұмыс таба алмаса, қысқа мерзімді кәсіптік оқудан өте алады. Оқу мерзімі бір айдан алты айға дейін созылады. Оқу мемлекет есебінен жүргізіледі және оқу кезеңінде тыңдаушыларға шәкіртақы төленеді. Оқу аяқталғаннан кейін тиісті сертификат беріліп, жұмысқа орналасуға көмек көрсетіледі. Мансап орталығының қызметтерін азаматтар тікелей келіп те, онлайн түрде де ала алады.

**– Қазіргі уақытта қандай жұмыспен қамту бағдарламалары жүзеге асырылуда?**

– Қазіргі уақытта халықты жұмыспен қамтуға бағытталған бірнеше мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылуда. Қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылып, азаматтарға уақытша жұмысқа орналасуға мүмкіндік беріледі. Жастар үшін жастар практикасы бағдарламасы жұмыс істейді. Бұл бағдарлама жас мамандарға алғашқы жұмыс тәжірибесін алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ субсидияланатын жұмыс орындары қарастырылған. Бұл жұмыс берушілерге мемлекеттік қолдау арқылы жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар «Серебряный возраст» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бұл бағдарлама зейнет жасына жақындаған азаматтарды қолдауға бағытталған. Бұл шаралар азаматтарға жұмыс тәжірибесін жинақтап, тұрақты

жұмыс табуға мүмкіндік береді.

**– Мемлекеттік қолдау арқылы өз кәсібін ашуға мүмкіндік бар ма?**

– Иә, мұндай мүмкіндік бар. Азаматтар мемлекеттік бағдарламалар арқылы өз кәсібін ашуға қолдау ала алады. Әлеуметтік осал топтағы азаматтарға 400 АЕК көлемінде қайтарымсыз гранттар беріледі. Грант алу үшін азаматтар «Бастау Бизнес» бағдарламасы бойынша тегін оқудан өтеді. Оқу барысында кәсіпкерліктің негіздері үйретіліп, қатысушылар өз бизнес-жобаларын қорғап шығады. Берілген қаражатты құрал-жабдық алуға, қажетті материалдар сатып алуға, ғимарат жалдауға және өз ісін бастауға пайдалануға болады. Егер қаражат мақсатты түрде жұмсалса, грантты қайтару талап етілмейді.

**– Азаматтарды жұмысқа орналастыру бойынша қандай іс-шаралар өткізіледі?**

– Біз тұрақты түрде бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін, жұмыс берушілермен кездесулер мен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын өткізіп тұрамыз. Мұндай кездесулер азаматтарға жұмыс берушілермен тікелей сөйлесуге мүмкіндік береді. Көптеген азаматтар осындай іс-шаралар арқылы жұмысқа орналасуда.

**– Азаматтардың әлеуметтік бейімделуіне байланысты жұмыстар жүргізіле ме?**

– Иә, бұл біздің қызметіміздің маңызды бағыттарының бірі. Біз пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтармен, мүмкіндігі шектеулі жандармен, көпбалалы отбасылармен және басқа да санаттағы азаматтармен жұмыс жүргіземіз. Жұмыс адамның өзіне деген сенімін арттырып, қалыпты өмірге қайта оралуына көмектеседі.

**– Алдағы уақытта Мансап орталығының алдында қандай міндеттер тұр?**

– Алдағы уақытта халықты жұмыспен қамту деңгейін арттыру, жұмыс берушілермен ынтымақтастықты кеңейту және көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.

**– Аудан тұрғындарына қандай тілек айтар едіңіз?**

– Барлық аудан тұрғындарына өз күштеріне сенімді болып, белсенді өмірлік ұстаным танытуларын тілеймін. Егер адам еңбек етуге ұмтылса, мүмкіндік әрқашан табылады. Біздің Мансап орталығы әрдайым көмек көрсетуге дайын.

Сұхбаттасқан Дина АҚЫШЕВА.

## «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-нің 2025 жылы көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы есебі

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі мемлекеттік қызметтің тоғыз түрін көрсетеді:

1) «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы»;

2) «Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде, жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастыруға рұқсат беру»;

3) Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару;

4) «Ауданаралық (қалааралық облысшілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша автомобильмен жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау»;

5) «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру»;

6) «Энергия өндіруші және және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын беру»;

7) «Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту»;

8) «Ағаштарды кесуге рұқсат беру»;

9) «Тұрғын үй сертификаттарын беру».

**1) 2025 жылы көрсетілді:**  
Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы – 5.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы қызметтері саны – 0

ЭҮП (электронды үкімет порталы) арқылы көрсетілген мемлекеттік қызметтері саны – 93.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі. Қызмет көрсету талап етілген.

Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару – 1.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі. Қызмет көрсету талап етілген.

«Энергия өндіруші және және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын беру» – 27.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі. Қызмет көрсету талап етілген.

«Ауданаралық (қалааралық облысшілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша автомобильмен жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау» – 60.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі. Қызмет көрсету талап етілген.

«Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру» – 0.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі. Қызмет көрсету талап етілген.

«Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту» – 0.

«Е-Лицензиялау» МДҚ арқылы мемлекеттік органмен көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны – 93.

**2) Көрсететін қызметті алушылармен жұмыс**

*Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер:*

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпарат Біржан сал ауданы әкімінің ақпараттық порталында «Мемлекеттік қызмет көрсетулер» бөлімінде орналастырылған Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі жөнінде толық ақпарат «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ ғимаратында орналасқан стендтерде жайғастырылған.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының жобаларын жария талқылау туралы ақпарат Мемлекеттік қызметтік тәртібін сақтау мақсатында, тұрақты түрде ақпарат құралдарында, Facebook, Instagram әлеуметтік желілерінде 10 мақала жарияланады.

**3. Мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін жетілдіру жөніндегі қызмет:**

Сапа критерийлері бойынша көрсеткіштерді жақсарту, қызметтер алушылардың уақытылығы, қанағаттанушылығы, мемлекеттік қызметтер көрсету үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметтер көрсету саласында мемлекеттік органдардың қызметтерін әрі қарай жетілдіру мақсатында 2025 жылғына арналған бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету үдерісін әрі қарай жетілдіру, мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарының және регламенттерінің қол жетімділігін қамтамасыз ету, қызмет алушыларды мемлекеттік қызметтер көрсетудің тәртібі және электрондық қызмет алушының кең таралуы туралы хабардар ету (бұқаралық ақпарат құралдарында материалдар жариялау) жөніндегі жұмыстар жалғасатын болады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымдар болған жоқ. Қызмет алушылар тарапынан арыздар түскен жоқ (қосымша):

Шағым беруші туралы мәлімет	Шағым мәнсі	Шағымды қараған және (немесе) шешім қабылдаған орган (ұйым)	Қараған күні	Шағымды қарау нәтижесі жөніндегі құжат нөмірі	Қабылданған шешім	Қабылданған шешімді қайта қарау туралы мәлімет
0	0	0	0	0	0	0

Мемлекеттік қызметтер көрсетулер саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес Біржан сал ауданының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ 2025 жылы «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕ АҚ Ақмола облысы бойынша филиалы – «Халыққа қызмет көрсету орталығы» департаментінің Біржан сал аудандық бөлімінің қызметкерлері қатысуымен бір дөңгелек үстел өткізілді, тоғыз мақала бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды. 2026 жылдың наурыз айында мемлекеттік қызметтер көрсетулер саласында мемлекеттік мекеме қызметінің есебін көпшілік талқылау өткізіледі. 2025 жылға есеп аудан әкімінің сайтына және аудандық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын болады.

Қызметтер көрсетулер саласындағы мемлекеттік мекеме қызметі жөніндегі пікірлерді, ұсыныстарды, ескертулерді аудан әкімі сайтының арнайы блогына [www.enbek-aktol.gov.kz](http://www.enbek-aktol.gov.kz) орналастыруға немесе.

Біржан сал ауданының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-нің өкілетті органының тұрған жері бойынша демалыс және мерекелік күндерден басқа жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін түскі үзіліспен беруге болады.

Мекен-жайы: Степняк қаласы, Біржан сал, 24-а, байланыс телефондары: 8 (716 39) 2-21-18, 8 (716 39) 2-20-11.

**Қайыргелді ЕСКЕНДІРОВ,**  
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы.

## Қоғамдық тыңдаулар

«Қазгер-Құс» ЖШС «Ақмола обл., Біржан сал ауданы, Үлгі а. о., Үлгі а., Жамбыл к-сі, 33 уч. мекенжайында орналасқан III кезең құс фабрикасының құрылысы» жұмыс жобасына қоғамдық әсерлер туралы есеп жобасын талқылау бойынша арнайы қымталдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағына қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі (егер тыңдаулардың бір пәні бойынша қоғамдық тыңдаулар бірнеше әкімшілік-аумақтық бірлікте өткізілсе): Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Үлгі ауылы.

Әсер ететін аумақ – Үлгі ауылы.

Географиялық координаттары: 52°53'27.37" АҚШ, 70°42'47.64" ВД.

Тыңдау 2026 жылғы 14 сәуірде сағат 11:00-де Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Үлгі а. о., Үлгі а., Новостроек к-сі, 47, (Мәдениет үйі) мекенжайы бойынша өтеді.

Тыңдауларға қатысу үшін сілтеме арқылы ZOOM арқылы қосылуға болады <https://us04web.zoom.us/j/74184425236?pwd=Ef8Q1aLqSfun42rqJ1aAb0fMFH5Uwk.1. конференция идентификаторы: 741 8442 5236. Кіру коды: 6Q5R6J>.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Бастамашысы – «Қазгер-Құс» ЖШС. Тел.+7 705 517 8020.

«Хасанова Г.А.» ЖК жобасының жобалық құжаттамасын әзірлеуші. Тел.+7 705 741 0773.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдар ақпараттық жүйеге орналастырылатын болады <https://ndbecology.gov.kz> және жергілікті атқарушы органның ресми Интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>

Жобалық құжаттама бойынша қосымша ақпаратты е-mail арқылы сұрауға болады: [irkhasanov90@mail.ru](mailto:irkhasanov90@mail.ru) немесе тел: +77057410773.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуді қамтамасыз етуге жауапты ЖАО – «Ақмола облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89, [expesco@mail.ru](mailto:expesco@mail.ru), Тел.+7 7162 40 28 07.

## Жылыту кезеңі: тұрмыстағы қауіпсіздік

Жылыту маусымы жалғасып жатқандықтан, әрбір тұрғын тұрмыстағы қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы қажет. Қарапайым сақтық шараларын орындау – өз өміріңіз бен жақындарыңыздың амандығының кепілі.

**Пешпен жылыту кезінде:**

Пеш пен мұржаның техникалық жарамдылығын алдын ала тексеріңіз. Түтін жолдарының бітеліп қалмауын қадағалап, уақытылы тазалап отырыңыз. Жанып тұрған пешті қараусыз қалдырмаңыз және пеш маңына жанғыш заттарды қоймаңыз. Пешті тұтандыру үшін жанғыш сұйықтықтарды пайдалануға қатаң тыйым салынады, себебі бұл өрттің шығуына өкелуі мүмкін.

**Газ жабдықтарын пайдалану кезінде:**

Егер газдың иісі сезілсе, дереу газ беруді тоқтатып, бөлмені желдетіп, мамандарды шақырыңыз. Газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуді тек лицензияланған ұйымдар мен өңірлік газ қызметінің мамандары жүргізуі тиіс. Газ плитасын немесе басқа да газ құрылғыларын бөлмені жылыту мақсатында пайдалануға болмайды. Бұл көмірқышқыл газының жиналуына және улануға себеп болуы мүмкін.

**Электр жылытқыштарды қолданғанда:**

Электр желісін шамадан тыс жүктемеңіз, бір розеткаға бірнеше қуатты құрылғыны қоспаңыз. Электр жылытқыштарды қараусыз қалдырмаңыз және оларды жиһаздан, перделерден және басқа да жанғыш материалдардан алыс орналастырыңыз. Ақаулы немесе қолдан жасалған электр құралдарын пайдаланудан бас тарту қажет.

**Біржан сал ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.**

Аудан әкімі аппараты мен мәслихат аппараты Біржан сал ауданының Құрметті азаматы, еңбек ардагері

**Омаров Темірбек Бостанұлының**  
қайтыс болуына байланысты туған-туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.



• Көктем мерекесіне орай

## Ауданымыздың мейірімді жүректері

Қазіргі қоғамда өзгелерге риясыз көмек көрсетуге дайын жандарды біріктіретін еріктілер қозғалысының маңызы артып келеді. Осы игі істің алдыңғы қатарында өз еңбегімен, қамқорлығы және жанашырлығымен айналасындағылардың өмірін жақсартуға үлес қосып жүрген әйел-еріктілер ерекше орын алады. Олардың ауданның қоғамдық өміріне белсенді араласуы – азаматтық жауапкершіліктің, мейірімділік пен адамдарға пайда келтіруге деген шынайы ұмтылыстың жарқын көрінісі.

Еріктілік – бұл тек мұқтаж жандарға көмек көрсету ғана емес, адамгершілік пен жанашырлықтың, қоғам алдындағы жауапкершіліктің белгісі. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын әйелдер көбіне өздерінің кәсіби міндеттері мен отбасы қамқорлығын қатар алып жүріп, сонымен бірге игі істерге де уақыт таба біледі. Осындай жандардың арқасында қоғамда өзара көмек, қолдау және бірлік атмосферасы қалыптасады.

Халықаралық әйелдер күні – 8 наурыз мерекесі қарсаңында ауданымыздағы №1 қалалық мектептің әйел-еріктілеріне ерекше алғыс білдіреміз. Олар – **Бейсекеева Ғалия Мұсақызы** – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, **Жапарова Гүлмира Фағитқызы** – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, **Сабитова Аралым Ерікқызы** – мектептің тәлімгері және **Назгүл Мұратбекқызы** – музыка жетекшісі.

Үш жылдан астам уақыт бойы олар ауданның қоғамдық өміріне белсене қатысып, бастамашылдық пен жанашырлық танытып келеді. Әйел-еріктілер әрдайым қиын жағдайға тап болған адамдарға көмек қолын созып, жылы сөздерімен және нақты істерімен қолдау көрсетеді.

Олардың қызметі әртүрлі бағыттарды қамтиды: қайырымдылық акцияларына қатысу, қарт адамдарға көмек көрсету, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды қолдау, қоғамдық және патриоттық іс-шараларға қатысу. Олардың еңбегінің арқасында аудан тұрғындары қамқорлық пен назарды сезініп, игі істер халық арасында кең қолдау табады.

Еріктілердің басты ерекшелігі – адамдарға деген шынайы жанашырлығы. Еріктілік қызмет тек уақыт пен күшті ғана емес, кең жүректі, өзгеге жанашыр бола білуді талап етеді. Басқаларға көмек көрсетуді өмірлік қағидасына айналдырған нағыз еріктілерді дәл осындай қасиеттер ерекшелейді.

Әйел-еріктілер жас ұрпаққа үлгі болып келеді. Олардың қызметі жастарды үлкендерді құрметтеуге, жауапкершілікке және өзгеге көмек көрсетуге тәрбиелейді. Осындай жандардың арқасында өзара көмек пен татулық дәстүрлері нығая түсуде.

Бүгінде еріктілер қозғалысы азаматтық қоғамның дамуына үлкен үлес қосып келеді. Ол адамдарды ортақ құндылықтар төңірегіне топтастырып, көптеген әлеуметтік мәселелердің шешімін табуға ықпал етеді. Әйелдердің еріктілік қызметке белсенді қатысуы бұл қозғалыстың игі әрі адамгершілік сипатын арттыра түседі.

8 наурыз мерекесі қарсаңында олардың белсенді өмірлік ұстанымы, мейірімділігі мен жанашырлығы үшін шынайы алғысымызды білдіреміз. Олардың еңбегі зор құрмет пен ризашылыққа лайық. Сіздерге зор денсаулық, бақыт пен амандық тілейміз. Жасаған игі істеріңіз халықтың алғысына бөленіп, әр күніңіз қуаныш пен шабытқа толы болсын.

Дина АҚЫШЕВА.

• Көктем мерекесіне орай

## Кәсібіне адал, жүрегі жомарт жан

8 наурыз – мейірім мен ізгіліктің, аналық жылулықтың мерекесі. Бұл күн – тек отбасының ұйытқысы болып отырған аналарды ғана емес, қоғамға адал еңбегімен үлес қосып жүрген іскер, қайсар жандарды дәріптейтін ерекше мереке.

Солардың бірі – көпшілікке өзінің ақжарқын мінезі мен дәмді тағамдарымен танылған ардақты ана, шебер аспаз **Шынар ханым**.

2015 жылдың 1 сәуірінде отбасы болып шағын кәсіпті қолға алып, асхананы жалға алып, «Береке» деп атады. Істің басы оңай болған жоқ. Дегенмен жолдасы, ұлы, қызы және көмекшісі бірлесіп еңбек етіп, кәсіптің іргесін нық қалады. Отбасылық ауызбіршілік пен табандылықтың арқасында шағын асхана халықтың сүйікті орнына айналды.

Кейін қызы Айдана мемлекеттік бағдарлама аясында арнайы оқу курсынан өтіп, несие алып, асхананы өз меншіктеріне сатып алды. Уақыт өте келе кәсіптің тынысын кеңейтіп, асхананың атауын «Bon appetit» деп өзгертті. Бұл – жаңа бастамаларға деген қадам, заман талабына сай жаңғырудың көрінісі еді. Атауы өзгергенмен, асхананың басты құндылығы – дәм сапасы мен халыққа деген құрмет сол күйінде сақталды.

Бес жылдан астам уақыт кәсібін өзі жүргізген Шынар ханым 2020 жылдан бастап қызының қол астында бас аспаз қызметін атқарып келеді. Бүгінде ұжымда аспаз көмекшісі, ыдыс жуушы және тазалық қызметкерлері бар. Барлығы да өз ісіне жауапты, кішіпейіл, еңбекқор жандар.

Шынар ханымның ерекшелігі – тек кәсіпкерлікпен шектелмей, елге жанашыр бола білуінде. Қандай мереке болмасын, ауыл-аудан тұрғындарына асханасын тегін өткізуге беріп, көпшіліктің батасын алып келеді. Жоққа жәрдемдесу, қуанышқа ортақтасу – оның өмірлік ұстанымы. Бұл – аналық жүректің кендігі мен азаматтық жауапкершіліктің айғағы.

Өз мамандығын ерекше сүйетін жан үшін халықтың алғысы – ең үлкен марапат. Дәмді ас әзірлеп, елдің ризашылығына бөлену – оның маңдай терінің жемісі.

Шынар ханым – отбасының берекесін кіргізіп отырған ұйытқы, шаңырағының



шырағын сөндірмей, жылуын арттырып отырған қадірлі ана. Ол – балаларына тек ақыл айтып қана қоймай, өмірдің мәнін еңбегімен ұқтырып келе жатқан жан. Ұрпағына адалдықты, еңбекқорлықты, кішіпейілділікті бойына сіңіріп, әрдайым дұрыс бағыт-бағдар беріп отырған ардақты тәрбиеші.

Асыл өже ретінде немерелерінің маңдайынан сипап, ерегі айтып, мейірімге бөлеп отырады. Әженің тәрбиесін көрген ұрпақтың бойында ұлттық құндылық пен ізгілік қасиеттері қалыптасары сөзсіз. Оның әрбір жылы сөзі мен ақ батасы – отбасы үшін үлкен рухани тірек.

Сүйікті жар ретінде де ол – жолдасының сенімді серігі, қиындықта қолдау білдіріп, қуанышта бірге шаттанатын өмірлік серігі. Қандай белес болмасын, ер-азаматтың жанынан табылып, шаңырақтың бүтіндігін сақтап келе жатқан парасатты жан.

Еңбегімен еленіп, мейіріммен көптің жүрегінен орын тапқан осындай жандар – қоғамның шынайы тірегі. Себебі олар тек өз отбасының ғана емес, тұтас бір ортаның берекесін арттырып, айналасына жылу шашып жүреді. Адал еңбегімен ел құрметіне бөленіп, азаматтық болмысымен көпке үлгі бола білген Шынар ханымның ғұмыры – кейінгі буынға өнеге, тағылымға толы ғибратты жол.

8 наурыз мерекесі қарсаңында ардақты анаға зор денсаулық, отбасына амандық, кәсібіне береке тілейміз. Көктемдей құлпырып, әрдайым абырой биігінен көріне берсін!

Қуаныш НУРКУШЕВА.

• Көктем мерекесіне орай

## Еңбек пен өнерді ұштастырған шебер жан

Көктемнің алғашқы шуағымен бірге келетін 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні – нәзіктік пен мейірімнің, сұлулық пен парасаттың мерекесі. Бұл күн – ананың ақ сүті мен ақ тілегін, жардың адалдығы мен қамқорлығын, әженің даналығы мен ақ батасын дәріптейтін ерекше сәт.

Осындай аяулы жандардың бірі – **Жүсіпбекова Шолпан Есілбайқызы**. Ол 1978 жылдың 5 тамызында дүниеге келген. Еңбек жолын «Оқу-өндірістік комбинаты» мекемесінде бастап, 10 жыл бойы вахтер, техникалық қызметкер және хатшы қызметтерін абыроймен атқарып, жауапкершілігі мен тиянақтылығының арқасында ұжымның сеніміне ие болды.

Кейін аудан әкімдігінде бес жыл бойы хатшы қызметін абыроймен атқарып, жауапкершілігі мен іскерлігінің, ұйымдастырушылық қабілетінің жоғары екенін айқын көрсетті. Қай істі қолға алса да тиянақтылық танытып, сенім үдесінен шығуды басты қағидасына айналдырды. 2023 жылы тігіншілік курсы аяқтап, бала күннен жүрегіне жақын өнерді кәсіби деңгейге көтерді. Бүгінде осы салада табысты еңбек етіп, әрбір киімді ерекше талғаммен, асқан ұқыптылықпен тігіп, сапа мен сәнді үйлестіре білетін шебер ретінде танылып отыр. Оның қолынан шыққан әр бұйымнан нәзік талғам мен жан жылуы сезіліп, тапсырыс берушілердің шынайы ризашылығына бөленуде.



Шолпан Есілбайқызы – тек білікті маман ғана емес, берекелі шаңырақтың ұйытқысы, аяулы ана, асыл жар, ардақты әже. Жолдасы Нұрлан Тұрмысұлы «Агро-Құдық Ағаш» ЖШС мекемесінде механизатор болып еңбек етеді. Төрт баланы тәрбиелеп өсірген бақытты ата-ана: үлкен ұлы Нұрсұлтан – IT маманы, қызы Жанель – есепші, отбасылы, ұлы Әділ – студент, кенже қызы Медина – «Күншуақ» балабақшасы тәрбиеленушісі, сондай-ақ екі немеренің сүйікті әжесі. Ол – бір қолымен бесікті, бір қолымен инені ұстаған, еңбегімен де, мейірімімен де айналасына жылу сыйлап жүрген жан. 8 наурыз мерекесі қарсаңында осындай еңбекқор, жүрегі кең, қолы алтын аналарымызды мақтан тұтып, оларға зор денсаулық, отбасына амандық, еңбегіне табыс тілейміз.

Қуаныш НУРКУШЕВА.

• Көктем мерекесіне орай

## Әйел бақыты – еңбекте, ана бақыты – ұрпақта

8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесіне орай ауданымыздың аяулы жандарының бірі, ардақты ана әрі білікті мәдениет қызметкері **Мұхамеджанова Айнұр Қадырқызын** ерекше ілтипатпен атап өтеміз.

1981 жылы Торғай облысы, Амангелді ауданы, Сартал ауылында дүниеге келген ол бүгінде аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты «Біржан сал атындағы аудандық мәдениет үйі» МҚКК-нің Кеңасшы ауылы бойынша мәдени ұйымдастырушысы қызметін абыроймен атқарып, елді мекеннің рухани тынысын жандандыруға сүбелі үлес қосып келеді. Түрлі мәдени-көпшілік шараларды ұйыстырып, тұрғындардың шығармашылық белсенділігін арттыру жолында аянбай еңбек етіп жүрген маман іскерлігімен және жауапкершілігімен ерекшеленеді.

«Күміс алқа» иегері ретінде жеті перзент өсіріп отырған ардақты жан үшін ана болу – үлкен мәртебе мен өлшеусіз жауапкершілік. Ұрпақ тәрбиесін өмірінің басты мұратына айналдырған отбасының шаңырағы сыйластық пен жарасымға толы. Таң шапағымен басталатын тынымсыз тіршілік барысында қызмет пен жанұя ісін үйлестіру, перзенттерінің сабағына көңіл бөлу, шаңырақтың берекесін сақтау – табандылық пен ұқыптылықтың айқын көрінісі.

«Істі дұрыс ұйымдастыра білсе, әрбір әйел кез келген міндеттің сенін келтіре алады» деген қағиданы ұстанған кейіпкеріміз үшін бақыттың өлшемі – ұл-қыздарының жетістігі. Жолдасы Бауыржан Маратұлымен тату-тәтті өмір сүріп, ортақ мақсат жолында бірлесіп еңбек етіп келеді, бүгінде отағасы өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған азамат.

Ерлі-зайыптылардың арманы – саналы, білімді, елге пайдасы тиетін ұрпақ



тәрбиелеу. Перзенттерінің ерқайсысы ата-ана сенімін ақтауда: үлкен қызы Алуа жоғары білім алып, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетін тәмамдаған, қазіргі уақытта Астана қаласындағы «Үш таңдыр» кафесінде әкімшілік қызмет атқарады; Айым Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде логистика мамандығы бойынша үшінші курста білім алуда; Жанасая Ақмола облысы білім басқармасына қарасты Абай атындағы дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектептің тоғызыншы сыныбында оқиды; Әнуар мен Рақымжан Кеңасшы ауылындағы жалпы орта білім беретін мектепте тәлім алуда, ал кенже бүлдіршіндер балалық шақтың бал дәуірін өткізуде.

Бүгінде мәдениет саласының өркендеуіне серпін беріп, ауылдың рухани өмірін жандандырып жүрген іскер жан ұжым ішінде сыйлы әрі беделді. Шуақты көктем мерекесі қарсаңында осындай абзал азаматтарға білдірер ризашылығымыз ерекше. Айнұр Қадырқызына зор денсаулық, шаңырағына бақ-береке, шығармашылық табыс тілейміз.

Қуаныш НУРКУШЕВА.

Меншік иесі және шығарушы – «Еңбекшілер ЖАРШЫСЫ – ВЕСТИ Еңбекшілердеря» аудандық газетінің редакциясы» ЖШС

Ақпараттық агенттіктің мерзімді баспа басылымын және желілік басылымды қайта есепке қою туралы куәлік 2025 жылы 2 желтоқсандағы № KZ94VPY00135980 Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі берген.  
Редактор Д. АҚЫШЕВА

Мекен-жайымыз: 020700, Ақмола облысы, Степняк қаласы, Уәлиханов көшесі, 5а Ұй.  
Редакция тел.: 2-19-63.  
e-mail: gazetastep@mail.ru  
www.instagram.com/vesti.enbeshilderyga  
www.facebook.com/Редакция Района Биржан сал  
https://enbeshilder.kz

«Дунасарова» жеке кәсіпкер офсеттік тәсілмен басылған.  
010005. Астана қаласы, А. Жұбанов көшесі, 24/1 Ұй.  
Аптасына 2 рет.  
Офсеттік тәсілмен басылған, көлемі 1 баспа табақ.  
Таралымы 280. Тапсырыс 43  
Индексі: 65651